



«ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ҚОҒАМДАРЫНЫҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРАСЫ: ЖАҢА АШЫЛЫМДАР МЕН ПӘНАРАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР» атты «XIII Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

20–21 мамыр, 2021 жыл

PROCEEDINGS
of International Scientific and Methodical Conference
«XIII Orazbayev Readings» on the theme
«HISTORICAL AND CULTURAL HERITAGE
OF ANCIENT AND TRADITIONAL SOCIETIES
OF CENTRAL ASIA:
NEW DISCOVERIES
AND INTERDISCIPLINARY RESEARCH»

20–21 may, 2021

МАТЕРИАЛЫ
международной научно-методической конференции
«XIII Оразбаевские чтения» по теме
«ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНОЕ
НАСЛЕДИЕ ДРЕВНИХ
И ТРАДИЦИОННЫХ ОБЩЕСТВ
ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ: НОВЫЕ ОТКРЫТИЯ
И МЕЖДИСЦИПЛИНАРНЫЕ
ИССЛЕДОВАНИЯ»

20–21 мая, 2021 г.



«ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ҚОҒАМДАРЫНЫҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРАСЫ:
ЖАҢА АШЫЛЫМДАР МЕН ПӘНАРАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР» атты
«XIII Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ



КАЗАК
УНИВЕРСИТЕТИ
БАСПАҮЙІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО КУЛЬТУРЫ И СПОРТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ОРТАЛЫҚ МУЗЕЙІ
«ТАҢБАЛЫ» ТАРИХИ-МӘДЕНИ ЖӘНЕ ТАБИҒИ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОРЫҚ-МУЗЕЙІ
«ЕСІК» МЕМЛЕКЕТТІК ТАРИХИ-МӘДЕНИ ҚОРЫҚ-МУЗЕЙІ



«ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ҚОҒАМДАРЫНЫҢ ТАРИХИ-
МӘДЕНИ МҰРАСЫ: ЖАҢА АШЫЛЫМДАР МЕН ПӘНАРАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР» атты
«XIII Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

20–21 мамыр, 2021 жыл

PROCEEDINGS
of International Scientific and Methodical Conference
«XIII Orazbayev Readings» on the theme
«HISTORICAL AND CULTURAL HERITAGE OF ANCIENT AND TRADITIONAL SOCI-
ETIES OF CENTRAL ASIA: NEW DISCOVERIES AND INTERDISCIPLINARY RESEARCH»

20–21 may, 2021

МАТЕРИАЛЫ
международной научно-методической конференции
«XIII Оразбаевские чтения» по теме
«ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ ДРЕВНИХ И ТРАДИЦИОННЫХ ОБЩЕСТВ
ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ: НОВЫЕ ОТКРЫТИЯ И МЕЖДИСЦИПЛИНАРНЫЕ
ИССЛЕДОВАНИЯ»

20–21 мая, 2021 г.

Алматы
«Қазақ университеті»
2021

Редакция алқасының төрағасы

Ж.Қ. Түймебаев – филология ғылымдарының докторы
эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің басқарма төрағасы-ректор

Редакциялық алқа:

Т.С. Рамазанов – эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғылыми-инновациялық жұмысы жөніндегі проректоры, ф.-м.ғ.д., ҚР ҰҒА корр.-мүшесі;
Нұрсан Әлімбай – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейінің директоры, профессор;
М.С. Ноғайбаева – эл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың тарих, археология және этнология факультетінің деканы, т.ғ.к., қауым.профессор;
Ә.Т. Төлеубаев – т.ғ.д., эл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың археология, этнология және музеология кафедрасының профессоры;
Ғ.Қ. Омаров – эл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың археология, этнология және музеология кафедрасының доценті;
Г.Р. Мұхтарова – «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейін директоры;
М.О. Амирғалиев – «Таңбалы» тарихи-мәдени және табиғи мемлекеттік қорық-музейінің директоры;
Ғ. Теміртон – PhD, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі директорының орынбасары.

Жауапты редактор

Р.С. Жуматаев – PhD, эл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Археология, этнология және музеология кафедрасының меңгерушісі

Құрастырушы

Б.Б. Бесетаев, А.Е. Ергабылов

«Орталық Азияның ежелгі және дәстүрлі қоғамдарының тарихи-мәдени мұрасы: жаңа ашылымдар мен пәнаралық зерттеулер» атты «XIII Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары / Жауапты ред. Р.С. Жуматаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 468 б.

ISBN 978-601-04-5517-7

«XIII Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдарының жинағына Қазақстан және іргелес өңірлердің археологиясы мен этнологиясының, музей ісінің бүгінгі күнгі өзекті мәселелеріне арналған зерттеулер енген. Материалдар жинағы археологтарға, этнологтарға, тарихшыларға және қалың көпшілікке арналған.

В сборник материалов международной научно-методической конференции «XIII Оразбаевские чтения» вошли актуальные исследования, посвященные современным проблемам археологии, этнологии музеологии Казахстана и сопредельных регионов. Материалы сборника предназначены археологам, этнологам, историкам и широкой общественности.

ҚАНДАСТАРДЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚОҒАМДА БЕЙІМДЕЛУІ (АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ МЫСАЛЫНДА)

Біздің елдегі мемлекеттік көші-қон саясаты, жалпы алғанда, экономиканы еңбек ресурстарымен қамтамасыз етуді жақсартуға, еңбек ресурстарының ұтқырлығын арттыруға және отандастардың тарихи отанына оралуын ынталандыруға бағытталған. Көші-қон саясатында этникалық көші-қонды реттеу ерекше орын алады. Қазақстан экономикасында оның өсу қарқынының төмендеуімен көрініс тапқан әлемдік қаржы дағдарысы жағдайында да мемлекет этникалық қазақтардың тарихи отанына оралуына белсенді түрде ықпал етуде.

Қандастардың қазақстандық қоғамда бейімделуін зерттеу барысында автор далалық зерттеулерде қолданылатын бақылау, сұхбаттасу, сауалнама жүргізу, контент-анализ, тарихи-салыстырмалы әдістерін қолданды. Далалық зерттеулер Ақтөбе облысының Алға, Хромтау, Әйтеке би, Қобда аудандарында, Алматы облысының Қаскелең ауданында, Нұр-Сұлтан қаласында өткізілген этнографиялық экспедиция кезінде жүргізілді. Сонымен бірге ҚР БҒМ ҒК Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының этнология бөлімі ұйымдастырған (жет. т.ғ.д. С.Е.Әжіғали) Моңғолия кешенді этнографиялық-этноархеологиялық экспедиция құрамында жүріп 2007, 2008 ж. жиналған материалдар қолданылды.

ҚР егемендігін жариялаған соң елдегі этнодемографиялық ахуалды реттеу мақсатында бірқатар шаралар қолға алынды. Славяндық және еуропалық ұлт өкілдерінің 1990-шы жж. елден көшуі Қазақстанның солтүстік, орталық және шығыс аймақтарының этнодемографиялық құрылымына үлкен әсер етті. Қазақстандағы титулдық этностың үлес салмағын арттырып, демографиялық ахуалды жақсарту мақсатында шетелдегі қазақтарды репатриациялау шаралары қолға алынды.

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың мәлімдемесінде: «Шетелдік қазақтар әлемнің 40-тан астам елдерінде, ал олардың басым көпшілігі көрші мемлекеттерде тұрады. Соңғы мәліметтерге сәйкес Өзбекстанда 1 500 000, Қытайда 1 500 000, Ресейде миллионға жуық, Түркіменстанда 100 мың, Моңғолияда 80 мың, Қырғызстанда 45 мың қазақ тұрады. Басқа елдер арасында қазақтар Түркия, Иран және Ауғанстанда шоғырланып өмір сүреді. Еуропа елдерінде қазақтар саусақпен санарлық, ал Солтүстік және Оңтүстік Америка елдерінде олардың саны аз» (Выступление Президента...), - деп көрсетіледі.

Қазақстан егемендігін жариялаған соң елімізге алғаш болып еңбек шарты бойынша Моңғолиядағы этникалық қазақтар көшіп келді.

1992 жылы маусымда «Көші-қон туралы» заң қабылданды. Осы заңның 1-бабына сәйкес этникалық қазақтарға «тарихи Отанына» оралу құқығы берілді. Оралмандардың күтілетін үлкен ағындарын реттеу үшін заң иммиграция квотасын белгілеуді және этникалық иммиграция бойынша мамандандырылған орган құруды көздеді (Положение оралманов, 2006, 10-б.).

Сол жылы шілдеде «Өзінің тарихи отанына, оның ішінде қалалық жерлерге қайтып келуге тілек білдірген байырғы ұлт адамдарын ұйымшылдықпен қабылдау жөніндегі 1992 жылға арналған бағдарлама туралы» ҚР Министрлер Кабинетінің қаулысы қабылданады.

Моңғолиядан еңбек шартымен келген алғашқы репатрианттар елдің солтүстік, батыс, орталық, шығыс аудандарына орналастырылды. Бір жағынан бұл шара демографиялық жағдайды реттеуге бағытталса, екінші жағынан осы аймақтардағы қазақтардың үлес салмағын арттыру мақсатын көздеді.

Шетелден Қазақстанға қоныс аударған этникалық қазақтарды заңнамалық актілерде, ел арасында, БАҚ-да «оралман» деп атап келді. Жалпы, «оралман» сөзі «оралу» сөзінен туындап, еліне, тарихи отанына оралған этникалық қазақтарды атау үшін халық арасында көші-қон үдерісі басталғаннан бастап қолданылды. Сонымен бірге жергілікті қазақтар шетелден көшіп келген қазақтарды тиісінше «моңғол», «қытай», «қарақалпақ» т.б. атап жүрді. Ресми түрде шетелден Қазақстанға көшіп келген этникалық қазақтар «репатриант» деп аталды. 1992 ж. «Көші-қон туралы» ҚР Заңына сәйкес жаппай саяси қуғын-сүргін нәтижесінде ҚР аумағынан тыс жерге көшкен отандастарға, байырғы ұлт адамдарына және өз отанына оралып жатқан әскери тұтқындар мен оның ұрпақтарына босқын-репатриант мәртебесі берілді (Об иммиграции, 92).

«Халықтың көші-қоны туралы» ҚР заңында (2011 ж.) «оралман – тарихи отанында тұрақты тұру мақсатында Қазақстан Республикасына келген және осы Заңда белгіленген тәртіппен тиісті мәртебе алған, Қазақстан Республикасы егемендік алған кезде одан тыс жерде тұрақты тұрған этникалық қазақ және оның Қазақстан Республикасы егемендік алғаннан кейін одан тыс жерде туған және тұрақты тұрған ұлты қазақ балалары болып көрсетілді» (Халықтың көші-қоны, 2011).

2020 жылғы 13 мамырдағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көші-қон процестерін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңына сәйкес «оралман» сөзі «қандас» болып өзгертілді. Заңдағы анықтамаға сай «қандас – бұрын Қазақстан Республикасының азаматтығында болмаған, тарихи отанына келген және осы Заңда белгіленген тәртіппен тиісті мәртебе алған этникалық қазақ және (немесе) оның ұлты қазақ отбасы мүшелері» (Халықтың көші-қоны, 2011).

Сонымен бірге шетелден Қазақстанға көшіп келген этникалық қазақтарды БАҚ-да, халық арасында «алыстан келген ағайын», «қандастар», «қандас бауырлар», «бауырластар», «отандастар» деген сөздер қолданылып келді.

Моңғолиядан, Қарақалпақстаннан, Түркіменстаннан т.б. елдерден көшіп келген қандастар аймақтарға қоныстандырылды. Оларға қоныс аударуға көмек, бір реттік ақшалай жәрдемақылар берілді, медициналық қызметтер көрсетілді, зейнетақы, жұмыспен қамту, балаларды оқыту және басқа да күнделікті мәселелерді шешу үшін іс-шаралар қолға алынды. Тұрғын үймен қамтамасыз ету, қоныс аударушыларды шоғырландырып орналастыру бойынша жағдай біршама нашар болды. Алғашқы жылдары кез-келген ғимараттың, тұрғын үйге бейімделген үй-жайлардың болуы негізінде шешілді, бірақ көбінесе олар негізгі санитарлық-гигиеналық талаптарға сай келмеді. Сондықтан, қандас отбасылар арасында ауылдық кітапханаларға, фельдшерлік пункттерге, ескі мектептер мен клубтарға қоныстандырылған отбасылар да болды. Баспанамен қамтамасыз етілген отбасылар да аз болмады.

Моңғолиядан келген қазақтар да тез бейімделгіш екенін байқатты. Зерттеу барысында моңғолиялық қазақтар алғашқы көшіп келген жерінен жағдайлары жақсарып ірі қалаларға көшуі анықталды. Кейбіреулері білім және ғылым саласында еңбек етуде. Әр отбасының өміржолы әрқилы қалыптасты. Мәселен, Оралхан К. Моңғолиядан ата-анасымен 1993 ж. Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданының аулына көшіп келген. 11 класты Моңғолияда бітірген Оралхан Жамбылдағы педучилищеге оқуға түскен. Алайда әке-шешесі қыз бала болған соң алысқа жібермейді, сөйтіп ол Ақтөбе қаласындағы педучилищеге оқуға түскен. Оқуын тәмәмдап, ауылына оралып, мұғалім болып жұмыс жасады. Осында жергілікті қазақпен тұрмыс құрды, үш баланың анасы. Оралханның інісі – Ақтөбе қаласындағы мектептің бірінде қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі. Бұл ауданда оралмандарға 1 бұзаулы сиыр, 5 қойдан әрбір отбасына берген. «Алғашқы айлары ауыл дүкенінен азық-түлік берді. Бірақ кейін сол азықтың ақшасын айлықтан ұстап қалды. Ауылда үймен қамтамасыз етті. Басқа ешқандай жәрдем болмады. Басқа жақта ыдыс-аяқты да берген екен», - дейді Оралхан. Оралханның отбасы Қазақстанға самолетпен келген, ал КамАЗ жүк машиналарына тиелген дүние-мүлкі жеткізілмей ізі жоғалған (АДМ, 2008).

Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданының орталығы Комсомол ауылында Қарақалпақстаннан көшіп келген қазақтар тұрады. Оларға арнайы теміржол бойында екі пәтерлі он бір үй салынған (сурет 1,2). Барлығы 22 отбасы тұрады.

Бір пәтерде 3 орташа бөлме, 1 ас бөлмесі, кіреберіс бар. Үйдің алдына алма ағаштары егілген. Су, газ үйге келіп тұр. Қандасымыздың (руы адай) айтуынша, 2006 жылы Қарақалпақстандағы Жаслық станциясынан Қазақстанға жұмыс бабымен көшіп келді. Қарақалпақстанда қысым көрмеген, қарақалпақтармен де, өзбектермен де тату-тәтті тұрған.

Ал басқа информанттың айтуынша, күйеуіне Қарақалпақстанда жұмыс болды, бірақ балаларына жұмыс табылмады. Бірақ оралмандарға квота бөліп жатқан соң балалары үшін Қазақстанға қоныс аударды (АДМ, 2008). Осы темір жол маңына салынған үйлерге көшіп келген қандастардың көп бөлігі Кіші жүздің адай, шөмекей, алаша т.б. руларының өкілдері, яғни қазіргі Ақтөбе облысының аумағын мекендеген ру-тайпалардың ұрпақтары болып табылады.

Ақтөбе қаласының маңындағы Бауырластар ауылында аты айтып тұрғандай оралмандарға 10 сот. жер телімдері беріліп, мұнда қандастарымыз үйлерін салып, шаруашылығын жүргізуде. Оралмандарға берілген жер телімдері олар ҚР азаматтығын алғаннан кейін заңнамаға сәйкес тәртіппен және шарттарда олардың жеке меншігіне өтуде.



1-сурет. Оралмандарға салынған үйлер. Комсомол ауылы, 2008 ж.



Сурет 2. Үй ауласы, 2008 ж.

Көкбұлақ жайлауында, оралман отбасыларымен сұхбат жүргізу барысында мұндағы қандастардың баспана мәселесі шешілмегендігі анықталды. «Менің жеке малым тек бала оқытуға жетіп тұр. Жеке үй алуға қаражатым жетпейді. Аудан, облыс әкімдеріне жолықтым, ешқайсысы бет бұрмайды. Жергілікті халық жақсы. Қыз алып, қыз беріп отырмыз», - дейді қандас (2007 ПМА).

Ақтөбе облысының Алға ауданы Сарықобда ауылына көшіп келген бірнеше отбасы көп ұзамай облыс орталығына, кейін Павлодар, Нұр-Сұлтан қалаларына қоныс аударды. Пластикалық терезе жасау кәсібімен шұғылданып, табыс көзіне айналдырып отыр.

Ақтөбе облысы Қобда ауданының орталығы Қобда ауылында Моңғолиядан көшіп келген бірнеше отбасы бар. Олардың айтуынша, 1992 ж. Қобдаға көшіп келген. Жүктері КамАЗ жүк машиналарымен жеткізілді. Өздері Өлгий-Өскемен-Ақтөбе рейсімен ұшақпен ұшып келді. Аудан орталығына жеткен соң Сарыбұлақ ауылына қоныстандырылған. Оларға сиыр, қой, үй берген. 5 жыл шарт бойынша тұрды. 1998 ж. ҚР азаматтығын алды. 2000 ж. 100 000 тг ақшалай көмек берілген. Оның үстінен 60 мың қосып Қобдадан үй алды. Келесі қандасымыз, Қобда ауылының тұрғыны ауылда бастауыш класс мұғалімі болып жұмыс жасап жүріп, Ақтөбе қаласындағы педагогикалық колледж, одан кейін педагогикалық институтты сырттай оқыды. Өздері отбасында 7 ағайынды. Олардың көбісі мұғалім қызметін атқарады. Күйеуі де ұзтаздық қызмет етеді. Қосымша жиһаз жасаумен де шұғылданады.

Орынбасар Т., 1980 ж. дүниеге келген, руы төртқара. Қарақалпақстанның Нукус қаласынан көшіп келген. Жоғары білімді. 2005 жылы Ақтөбе қаласының маңындағы Заречный ауылына көшіп келіп, осы ауылдан жер сатып алып, үй салды. 2006 жылы оралман куәлігімен жер телімін алуға кезекке тұрып, 2009 жылы 10 сот. жер телімін алды. 2007 ж. ҚР азаматтығын алды. Оның айтуынша, жергілікті қазақтармен араласуында қиындықтар туындамаған, орыс тілінде сөйлеуге кедергілер болмады. Өйткені Орынбасар Ташкент қаласында Университетте орыс тілінде білім алды. Мемлекет тарапынан тиесілі жәрдемақыны алды, сол ақшаға Бауырластар ауылында жер алып, үй салды. Ақтөбе маңындағы Бауырластар-1,2 ауылындағы жер телімдері аты айтып тұрғандай қандастарға, негізінен Қарақалпақстаннан, Түркіменістан мемлекеттерінен көшіп келгендерге берілді (2007 ПМА).

Ақтөбе облысының Хромтау ауданында жоғарыда аталған жоба аясында 50 төртпәтерлі үйлер салынды. 2011 ж. тамызында 600 орындық мектеп тапсырылды. Сонымен қатар 140 орындық бала-бақша, дәрігерлік амбулатория да салынды. Қандастарға тұрғын үй салу мәселесімен қатар оларды жұмыспен қамту да қолға алынды. Қандастар «Ақтөбе мыс компаниясы» ЖШС-не, «Копер Технолоджи» ЖШС-не жұмысқа орналасу үшін қайта даярлықтан өткізіліп, біліктілігі арттырылды. Негізінен машинист, слесарь, инженер т.б. техникалық мамандықтар бойынша жұмысқа қабылданды.

Қорыта келгенде шетелдегі қазақтарды Қазақстанға көшіру саясаты елдегі демографиялық жағдайды жақсартуға, екінші жағынан ұлттық болмысымызды сақтауға бағытталды. Қандастарды тарихи отанына көшіру көші-қон саясатының басты мәселесі болды. Этникалық қазақтардың тарихи отанына оралуы үшін мемлекет тарапынан нормативтік-құқықтық база жыл сайын жетілдіріле түсті, көші-қон квотасы жыл сайын бөлініп келді, шетелдік қазақ жастарына тарихи отанына білім алуына көп мүмкіндіктер жасалды.

Қандастарды Қазақстанға көшіру басталысымен қоныс аудару, азаматтық алу, оралмандарды қазақ қоғамына бейімдеуі бойынша жұмыстардың сапасын арттыру мақсатында бірқатар

бағдарламалар, заңдар, ережелер қабылданды, заңнамалық актілерге түзетулер енгізілді. Қандастарды әлеуметтік қолдау шаралары қолға алынуда. Білім саласында қандастардың білім алуына жеңілдіктер қарастырылған. Сонымен бірге жергілікті халықтың наразылығын тудырмау үшін де қандастар мен ҚР азаматтарының құқықтарын тең қарастыру мәселелерін де алға қоюда.

Бірақ қандастарымыз арасында «мемлекет бізге не береді?» және «біз мемлекетке не бере аламыз?» деген сұрақтар қоятындар болды. Біреулер үкіметтен көмек сұраса, екіншілері өздері талпынып әрекет етіп кәсіпкерлікпен айналысты, мемлекет дамуына өз үлесін қосып келеді.

Қандастардың жас буыны өз еңбектерімен ел экономикасына айтарлықтай үлес қосуда. Олар көптеген салаларда жұмыс істейді, сол арқылы қоғам әл-ауқатының әлеуметтік-экономикалық өсуіне айтарлықтай әсер етуде.

Қандастардың бір бөлігі жеңіл бейімделіп келсе, бір бөлігі түрлі қиындықтар көріп келді. Бұл қиындықтар олардың біліктілік деңгейіне, тіл меңгеруіне байланысты болды. Шетелден келген қандас бауырларымыздың шыққан елдеріндегі араб, латын қаріптерінің қолданылуы барлығына ортақ қазақ тілі болғанымен Қазақстанда кириллицаның пайдалануына байланысты кедергілер туғызды. Дегенменде қандастардың тарихи отанында білім алған ұрпақтары жергілікті жағдайларға бейімделіп үлгерді. Қандастар арасында Қазақстандағы білім, ғылым, өнер, мәдениет саласының дамуына өз үлесін қосып, ел игілігіне білімдері мен біліктіліктерін қолданып отырғандар аз емес.

Қандастарға елге келгеннен кейін әлеуметтік және экономикалық көмек көрсетіледі. Алайда жеткілікті деңгейде үкімет тарапынан қолдау көрмеген қандастар қиындықтарға төтеп бере алмай қиналады. Осыған байланысты шыққан еліне қайта оралу фактілері көп тіркелді. Дегенмен де көшіп кеткендерден сұрастыру барысында олар өкініштерін жасырмайды. Сәл қиындыққа шыдай алмай көшкендігін мәлімдейді және Қазақстанда қалған туыстарының өміріне қызығушылық танытады.

Қандастардың қазақстандық қоғамға бейімделуі бір жақты, яғни тек ғана мемлекеттің репатрианттарға жағдай жасалуына байланысты қарамай, қандастардың жергілікті ахуалды ескере отырып, өз тарапынан да бейімделуге ұмтылысын ескеру қажет. Өйткені өкімет тарапынан қолдау көрсетілсе де шетелде қалған тума-туыстарын сағыну сияқты субъективті себептермен шыққан еліне қайта көшуін есепке алған жөн.

Әдебиеттер

«Об иммиграции» Закон Республики Казахстан от 26 июня 1992 года // <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z920003300>

Автордың далалық материалдары, 2008 ж.

Выступление Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева на III Всемирном курултае казахов (Астана, 29 сентября 2005 года) // <https://www.zakon.kz/64755-vystuplenie-prezidenta-respubliki.html>

Положение оралманов в Казахстане. Обзор. Алматы, 2006. 33 с.

Халықтың көші-қоны туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі № 477-IV Заңы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000477/history>

ADAPTATION OF THE KANDASES TO THE KAZAKH SOCIETY

The author notes that he used field research in the study of the adaptation of compatriots in Kazakhstani society. Field research was conducted during an ethnographic expedition in Alga, Khromtau, Aiteke bi, Kobda districts of Aktobe region, Kaskelen district of Almaty region, Nur-Sultan. In addition, organized by the Department of Ethnology of the Institute of History and Ethnology named after Sh. Valikhanov of the Science Committee of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan (supervisor, doctor of historical sciences S.E. Azhigali) Mongolia was part of a comprehensive ethnographic and ethnoarchaeological expedition in 2007, 2008 collected materials were used. In the article, the author tells about the adaptation of repatriates from Mongolia and Karakalpakstan to the Kazakh society, the help they received from the state, the difficulties they faced. At the beginning of the resettlement of compatriots in Kazakhstan, a number of programs, laws, regulations, amendments to the legislation, measures of social support of compatriots were adopted in order to improve the quality of resettlement, citizenship, adaptation of repatriates to Kazakh society. In the field of education, it emphasizes the benefits of education for compatriots, as well as the equal treatment of the rights of compatriots and citizens of the Republic of Kazakhstan in order not to provoke protests from the local population. The author suggests that the adaptation of compatriots to the Kazakh society is one-sided, that is, it is necessary to take into account not only the state's conditions for repatriates, but also the desire of compatriots to adapt, taking into account the local situation. It is important to take into account that, despite the support of the authorities, they return to their homeland for subjective reasons, such as missing relatives abroad.